

2026 жылғы наурыз: үскірік аяздан аномальді жылуға дейін

2026 жылдың наурыз айы Қазақстанда қарама-қайшылықты ауа райымен сипатталды. Айдың басында Таймыр түбегі аудандарынан суық ауа массаларының енуіне байланысты еліміздің басым бөлігінде аяз сақталды. Республика аумағының басым бөлігінде түнде температура фонының төмендеуі байқалды: еліміздің батысында -25°C -қа дейін, солтүстік-батысында, солтүстігінде, орталығында және шығысында -35°C -қа дейін, оңтүстігінде -20°C -қа дейін төмендеді. Кейбір күндері температуралық рекордтар тіркелді. Мысалы, 10 наурызда Петропавл метеорологиялық станциясында (бұдан әрі – МС) температура көрсеткіші $-34,3^{\circ}\text{C}$ құрап, осылайша 1917 жылы орнатылған ғасырлық абсолюттік минимум ($-30,5^{\circ}\text{C}$) жаңарды. Алайда үшінші онкүндікте көктем өз құқығын сенімді түрде иеленді: айдың аяғына қарай күн айтарлықтай жылынып, жаңа рекордтар орнатылды. Атап айтқанда: 21 наурызда Атырау МС-да ауа температурасы $+21,6^{\circ}\text{C}$ болып тіркелді, бұл 2001 жылғы бұрынғы абсолюттік максимумнан ($+18,2^{\circ}\text{C}$) жоғары, Ақтөбе МС-да дәл осы күні сезілерлік жылылық байқалып, ауа $+11,9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жылынды және 2013 жылғы рекордты ($+8,1^{\circ}\text{C}$) басып озды. 24 наурызда Петропавл МС-да температура $+7,3^{\circ}\text{C}$ құрап, 1995 жылы тіркелген алдыңғы максимумнан ($+6,6^{\circ}\text{C}$) асты, 25 наурызда Атырау МС-да $+23,5^{\circ}\text{C}$ болып, 2023 жылғы рекорд ($+22,8^{\circ}\text{C}$) жаңарды; Көкшетау МС-да $+10,6^{\circ}\text{C}$ тіркеліп, бұл 2001 жылғы рекордтан ($+9,4^{\circ}\text{C}$) жоғары болды. 26 наурызда Көкшетау МС-да термометр бағаны $+15,1^{\circ}\text{C}$ белгісіне жетті, бұл 2009 жылғы бұрынғы абсолюттік максимумнан ($+12,3^{\circ}\text{C}$) жоғары. 27-31 наурыз аралығында да бірнеше метеостанцияда ауа температурасының рекордтық көрсеткіштері тіркелді: 27 наурызда: Көкшетау МС-да $+16,5^{\circ}\text{C}$ (2008 жылы: $+14,7^{\circ}\text{C}$), Петропавл МС-да $+14,5^{\circ}\text{C}$ (2008 жылы: $+10,8^{\circ}\text{C}$), Түркістан МС-да $+31,5^{\circ}\text{C}$ (2001 жылы: $+27,1^{\circ}\text{C}$); 28 наурызда: Атырау МС-да $+24,5^{\circ}\text{C}$ (2023 жылы: $+22,6^{\circ}\text{C}$), Көкшетау МС-да $+17,9^{\circ}\text{C}$ (2008 жылы: $+12,8^{\circ}\text{C}$), Петропавл МС-да $+17,0^{\circ}\text{C}$ (2023 жылы: $+13,0^{\circ}\text{C}$); 29 наурызда: Орал МС-да $+22,7^{\circ}\text{C}$ (2020 жылы: $+18,9^{\circ}\text{C}$); 30 наурызда: Атырау МС-да $+24,8^{\circ}\text{C}$ (2023 жылы: $+24,6^{\circ}\text{C}$), Жезқазған МС-да $+24,4^{\circ}\text{C}$ (2008 жылы: $+20,4^{\circ}\text{C}$).

Айдың басында еліміз аумағындағы ауа райын циклондар, ал орта тропосферада жоғарғы циклонның жырасы анықтады. Фронтальді бөліністердің өтуімен еліміздің бүкіл аумағында дерлік ауа райының құбылмалы сипаты байқалып, жауын-шашын, ал оңтүстік бөлігінде қалың жауын-шашын түсті. Мысалы: Түркістан облысының Тұрар Рысқұлов ауылы МС-да 04 наурызда 17 мм, 10 наурызда – 27 мм (нормасы: 86 мм), Тасарық МС-да (Түркістан облысы) 04 наурызда – 18 мм, 10 наурызда – 29 мм (нормасы: 98 мм), Қазығұрт МС-да (Түркістан облысы) 04 наурызда – 16 мм, 05 наурызда – 18 мм, 10 наурызда – 30 мм (нормасы: 67 мм) жауын-шашын түсті.

Елордада айлық орташа ауа температурасы нормадан $3,5^{\circ}$ жоғары болды (нормасы: $-6,0^{\circ}\text{C}$). Ең төменгі ауа температурасы 01 наурызда тіркеліп, $-24,5^{\circ}\text{C}$ -ты құрады. Ең жоғары ауа температурасы 31 наурызда байқалып,

+16,7°С болды. Бір айда 23,7 мм жауын-шашын түсті, бұл айлық норма 20 мм болғанда, норманың 118%-ын құрайды.

Гидрометорталық директоры



М. Шмидт

АРҰМББ басшысы



Ж. Исабекова

✉ АРҰМББ жетекші инженері Шартакбаева А.

Аударған: техник Смағұлова Л.

8(7172) 798-395